

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСІ

Жақында Астана қаласында Қазақстан Республикасы күніне орай қазақтың көне ойыны - тоғызқұмалақтан «Қазақстан зияткері» атты республикалық турнирі ұйымдастырылып өткізілді. Бұл тайталаста жүлде қоры 25 миллион теңгені құрады.

Спорттық додаға Ақадыр кентінің балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушылары, ағалы-қарындасты Қожанәсіп Асылхан мен Аңсаған қатысты.

Тартысты өткен жарыста ерлер арасында Асылхан топ жарса, қыздар арасында Аңсаған жүлделі төртінші орынды жеңіп алды. Турнирдің қорытындысы бойынша Асылхан 5 миллион теңге, Аңсаған 1 миллион



теңге жүлделеріне қол
жеткізді.

Жерлестерімізді
жеңістерімен
қояйық.

кезекті
құттықтап